

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Арнайы фортепиано» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	3
2	Образовательная программа по предмету «Специальное фортепиано» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств	24

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Арнайы фортепиано» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Арнайы фортепиано» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Арнайы фортепиано» пәні бойынша оқытудың мақсатын, оқыту нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) агогика – темптен сәл ауытқу (бәсеңдету немесе жылдамдату), ноталарда белгіленбейді және музыкалық орындау мәнерлігіне шартталады;

2) аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезіндегі саусақтардың орналасу реті және алмасуы, сонымен қатар аталған әдісті нотада белгілеу;

3) арпеджио – фортепианода, бірнеше клавишалық (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптарда аккордтардың дыбысы бірінен соң бірі шығатындай аккордтарды орындау тәсілдері;

4) артикуляция (латын тілінен articulo – бөлемін, бөліп-бөліп айтамын) – музыкалық аспапта ойнау кезінде немесе вокалдық партияларды айту кезінде дыбыстардың қатарын ретпен орындау тәсілі;

5) баса айту (фразировка) – музыкалық фразаны және музыкалық сөйлеудің мәнін анықтаушы барлық элементтерді қарқынның, динамиканың, акцент орнатылдарының икемді өзгерістері көмегімен анық, мәнерлі орындау;

6) доминантсептаккорд – терция бойынша орналасқан немесе орналасуы мүмкін төрт дыбыстан тұратын аккорд;

7) октава – дыбыстар аралығындағы жиіліктің 1:2 қатынасы болатын музыкалық интервал, яғни жоғары дыбыстың жиілігі төменгіден 2 есе көп;

8) педализация – пианода ойнаудың негізгі элементтерінің бірі, дыбыстарды байланыстыру, үйлесімділікті ұстап тұру үшін, дыбысталуды күшейту немесе әлсірету үшін қызмет атқарады;

9) терция – үш сатыдан тұратын музыкалық арақашықтық;

10) штрих – дыбыс құраушы ноталарды, ноталар тобын орындау (тәсілі және әдісі) амалы.

3. Бағдарламаның мақсаты: табиғи қабілеттерін ескере отырып білім алушылардың жалпы музыкалық дамуы, пианизм мен орындаушылық өнерінің негіздеріне үйрету, тұлғаның жалпы рухани

мәдениетінің бөлігі ретінде музыкалық-эстетикалық сананы қалыптастыру.

4. Бағдарламаның міндеттері.

Оқыту: танымдық қызмет, ой-өрісін кеңейту, музыкалық білімдерді, орындаушылық біліктерді және дағдыларды жүйелі жинақтау.

Дамыту: музыкалық есту қабілетін, жадын, ырғақ сезімін, эмоциялық ортаны, эмпатияны, шығармашылық қабілеттерді, зейінді, ойлауды, қиялды, фантазияны, рефлекті, салыстыру, жалпылау білігін дамыту.

Тәрбиелік: музыкалық өнерді тану арқылы рухани, адамгершілік, ақыл-ой, көркемдік, эстетикалық, патриоттық, интернационалды тәрбиелеу, дербестікті, ерік-жігерді тәрбиелеу, адамгершілік, эстетикалық, дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру.

5. Білім беру бағдарламасын игеру мерзімі - жеті жыл.

6. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілген балалар музыка мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

7. Оқу пәнінің мақсаты тұлғалық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамытудың негізгі міндеттер жүйесі арқылы іске асырылады. Оқытудың мазмұны оқу процесінде қалыптасатын іс-әрекет тәсілдерімен, музыкалық шығармашылықпен араласу формаларымен байланыста іске асырылады.

8. Бағдарламаның ерекшелігі балалардың фортепианода ойнаудың білім, білік және дағдыларын, шығармашылық қызметтің тәжірибесін, жеке және ансамбльде орындаушылықтың тәсілдерін меңгеруге бағытталуы.

9. Пән дәстүрлі оқытуға, әр білім алушыға жеке-сараланған тәсілмен келуді, көркемдік-бейнелі ойлауын дамытуға, балалардың рухани және мәдени құндылықтарды меңгеруіне, музыка өнері саласындағы дарынды балаларды анықтауға бағдарланған.

10. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды.

11. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) музыкалық лексиканы және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

12. Бағдарлама фортепианода ойнау техникаларын меңгеруді, қазақ, орыс, халық әуендерінің өңдеулерін, әлем халықтарының

музыкасын және классикалық шығармаларды орындауды үйренгісі келетін балаларды оқыту үшін арналған.

13. Бағдарлама болашақ музыканттың әрі қарайғы тәжірибелік қызметі үшін қажетті фортепианода ойнау тәсілдерін меңгеру үшін жағдай жасайды.

14. Балаларға шығармашылық, эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған және жеке, ансамбльде, оркестрде орындаушылық дағдыларын меңгеруге, музыкалық өнерді зерттеу және меңгеру барысында өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын алуға жағдай жасайды.

15. Бағдарлама музыкалық дарындылығы, дайындығы және жалпы дамуы әртүрлі деңгейдегі балаларға есептелген. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын оятуға ерекше көңіл бөледі.

16. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың:

1) музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін фортепианода ойнаудың білім, білік және дағдыларды меңгеруі;

2) білім алушының шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;

3) білім алушының әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;

4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;

5) білім алушының бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгеруіне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

17. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушының бойында оқуға деген оң уәждемелерін қалыптастыруға;

3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

18. Білім алушыға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу барысында іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

19. Ұжымдық музыка ойнаудың негізгі практикалық міндеттері – ансамбльдің дыбысталуын тыңдай білу, бірыңғай ритмикалық қағысты сезіну, келісілген түрде және өзгермелі икемді қағыста көркем ойнау, бірге орындау, ансамбль қатысушыларымен әрекеттесу сияқты ансамбльде ойнаудың арнайы дағдыларын қалыптастыру.

20. Бағдарлама білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттіліктеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

21. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгіленген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушының шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педагогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

22. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидаттары:

1) табиғи сәйкестік және қолжетімділік қағидаты білім алушының жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты аспапта ойнаудың орындаушылық дағдыларын практикалық меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушылардың қабілеттерін және бейімділіктерін ашуды болжайды, табыстылық жағдайын құруға, өнермен қуана араласуға ықпал етеді.

23. «Арнайы фортепиано» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдау үшін жағдай жасайды.

24. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

- 1) ауызша әдіс – сұхбат, әңгіме, түсіндіру, пікірталас;
- 2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің аспаппен шығарма орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыруды көрсету;
- 3) практикалық – аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;
- 4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;
- 5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

25. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттеріне, көркемдік қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Сабақ формалары:

- 1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта ойнау арқылы пысықталады;
- 2) топтық сабақтар ансамбльде ұжыммен музыка ойнау мақсатында өткізіледі;
- 3) дайындық-концерттік – дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету;
- 4) байқаулар;
- 5) ойын сабағы – сабақ барысында ойын технологияларын қолдану;
- 6) экскурсия сабағы.

25. Педагогтің білім алушымен жеке жүргізетін сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады. Жеке сабақтар педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіріледі. Сабақ бағдарламасы бір уақытта жүргізілетін теориялық және практикалық сабақтан құрылады.

26. Жұмыстың сабақтан тыс түрлері:

- 1) ансамбльде ойнау;
- 2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;
- 3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;
- 4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға және тағы басқаларға бару;

5) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесу.

27. Осы бағдарламасы негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың осы сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді. Педагог бағдарламадан білім алушының дайындық деңгейіне сәйкес келетін тақырыптарды таңдайды.

28. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

29. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

30. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) аталған сыныптағы оқыту ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс және сол сияқты);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) өзгерістердің себептері мен мақсаттылығын көрсете отырып, бөлек тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпарат.

31. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметінің сипаттарын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

32. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдардың тізбесі.

33. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

34. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

35. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

36. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде бағдарламаны іске асыру бойынша жеке жоспарлар, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекшеленеді.

37. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

38. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады.

39. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

40. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

41. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды.

42. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ырғақтық және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулерін, қазақстандық композиторлардың шығармаларын кеңінен қолданады.

43. Оқу репертуарының әр түрлі жанрлардағы және стильдердегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқу, салыстыру, жүйелеу үшін оңтайлы жағдай туғызады.

44. Репертуар заманауи отандық және шетел композиторлары шығарған үздік пьесаларды қамти отырып жүйелі түрде жаңартылады және кеңейтіледі.

45. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысып, білім алушыға көркемдік мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды таңдай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын мұқият ойластырады.

46. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін анықтайды, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені толықтырады.

47. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

48. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

49. Білім алушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейту үшін, сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

50. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) ноталардыпарақтан оқу дағдылары.

51. Әр жартыжылдықтың соңында педагог білім алушының тапсырманы орындау сапасын белгілейді және бекітілген репертуарлық тізбеге өзгерістер енгізеді, жылдың соңында музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

52. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ырғақ, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) музыкамен айналысуға деген көзқарасы;

- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

53. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, аспапты еркін игеруі, техникалық жағынан еркіндігінің болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

54. Өз бетінше жүргізілетін сабақтар үнемі және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығыны ескеріліп анықталады.

55. Жеке үй тапсырмасы бірнеше рет жүргізіліп, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады. Бірінші кезекте түрлі техникалық тәсілдерді пайдаланып, ең күрделі музыкалық эпизодтар пысықталады. Педагог білім алушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне байланысты қандай да бір шығармаға жұмсалатын уақытты анықтайды.

56. «Арнайы фортепиано» пәнінің «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушының түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

57. «Арнайы фортепиано» пәнінің мазмұнының базалық негізін келесі тақырыптық тараулар көрсетеді:

1-тарау. Ерте оқытудың ерекшеліктері.

1) Балалармен өткізілетін алғашқы сабақтың негізгі мазмұны.

Тыңдаушылық тәжірибе, музыкалық әсерді молайту. Өндер мен әнге қосылу. Ноталық сауатынсыз ансамбльде ойнау. Есту бойынша және тасымалдау (транспонирование). Білім алушылардың ноталық сауаттылық негіздерімен таныстыру.

2) Түрлі әдістермен фортепианода алғаш ойнауға үйренудегі ойынның рөлі. Мектепке дейінгі балаларға бағдарланған әдістемелер.

3) Музыкалық сауаттылық, музыка, үйлесімділік және сольфеджио теориялары, балаға түсінікті түрде музыкалық терминологияның негізгі түсініктері.

4) Музыкалық тәрбие және фортепианода ойнауға үйретудің кешенді жүйесі.

2-тарау. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

1) Жас пианисті кешенді тәрбиелеу.

2) Білім алушылардың шығармашылық дағдыларын дамыту.

Әуендік, үндестіктік және тембрлік есту қабілетін дамыту, ырғақты есту арқылы, көзбен көру арқылы, қимыл арқылы жеткізу,

фортепианода ойнауға үйрету үдерісінде парактан оқу, тасымалдау, барлық дауыстардың музыкалық мзмұнды орындауы, әуеннің аяғын жазу, пьесалар турлері, дауыс бойынша таңдау, ырғақтық және әуендік суырып салу, ансамбльде ойнау, ноталары бар музыканы тыңдау, нотамен аспапсыз сабақ өту, әуесқой музыка ойнау жолдары арқылы музыкалық есте сақтау жадын (есту арқылы, көзбен көру арқылы, қозғалысты, түйсікті, қисынды) дамыту.

3) Музыкалық шығармаларды оқу және әртүрлі нақыштар мен жанрлардың шығармаларымен нобайлық танысу барысында жалпы және музыкалық ой-өрісті кеңейту. Музыканы тыңдау бойынша тәжірибені жинақтау. Теориялық және тарихи білімдерді бекіту.

4) Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, Қазақстан халықтарының музыкалық шығармашылығын, әлемдік музыканың, қазіргі заман Қазақстан және әлемдік өнердің классикалық шығармаларын үйрену барысында білім алушылардың негізгі және пәндік құзыреттерін қалыптастыру.

3-тарау. Музыкалық шығармамен жұмыс жасау, орындаушылық білік пен дағдыларды қалыптастыру.

1) Білім алушыларды шығармамен таныстыру (педагогтің шығарманы орындауы, жазбаларды тыңдау, қағаз бетінен оқу). Шығарманың баспасын, редакциясын таңдау. Музыкалық бейнелерге сипаттама (басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ассоциациялар). Оқытылатын шығармалардың жанры, түрі, қалыптық (мәнерлік), әуендік, үйлесімдік, ырғақтық, қарқынды ерекшеліктері.

2) Мәтінмен жете жұмыс жасау: музыкалық арқауды зейін салып тыңдау, үзінділерін баяу және орташа қарқынды (темп) дүркін-дүркін ойнау. Музыкалық шығарманы жаттау тәсілдері.

3) Музыкалық синтаксис. Шығарманың серпіндік жоспары. Әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка); артикуляция, агогика, педализация және тағы басқалары.

4) Ноталық мәтінді еркін оқуға машықтандыру. Әуендік сызықты, тік сызықты шапшаң оқу, «топпен оқу», «үзіліссіз оқу» дағдылары.

5) Пианистикалық аппараттың еркіндігіне тәрбиелеу. Техникамен жұмыс жасаудағы есту қабілетінің рөлі. «Жылдам тыңдау», «тез ойлау» дағдаларын тәрбиелеу.

6) Фортепиано техникасымен жұмыс жасау.

Көркемдік және техникалық міндеттернің бірлігі. Фортепиано техникасының іргетасы – белсенді және нақты саусақ қағысымен үйлестіктегі пернетақтамен байланыс. Қарапайым аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу (әртүрлі позициялық формулаларды, гаммалардың, аккордтардың, арпеджионың аппликатурасын меңгеру). Аппликатураның позициондық қағидасы. Бір позициядан екіншісіне өту кезінде икемділікке, наздылыққа тәрбиелеу.

Аппликатуралық қағидалар («салып қою», «ауыстырып қою», «тайғанау»). Жұмыстың әдістері: қиыншылықтарды ұғыну және жеңілдету (ұстанымдар, топтастыру); әртүрлі қарқындар, туше, артикуляция, динамика; нұсқалар (ырғақтық, еселеу, бөліктену немесе бірігу)

7) Жаттығулар жас музыканттың техникасын дамытудың құралы ретінде. Жаттығу жинақтары. Жаттығулармен жұмыс барысында сипап сезу, есту және қимыл-қозғалыспен әрдайым бақылау жүргізу.

8) Гаммалар, аккордтар, арпеджиомен жұмыс жасау.

Гаммаларға дайындық жұмыстары. Гаммаларды оқыту тәртібі. Гаммалар мен арпеджионы жүйелеу. Гаммаларды оқыту кезіндегі міндеттер: мажор-минор жүйесін игеру, аппликатуралық тәртіпке тәрбиелеу, қозғалыстарды автоматтандыруға дағдылану, саусақтық шапшандыққа, тегістікке, төзімділікке жету, тетраходдармен ойнау. Гаммалармен жұмыс кезіндегі нұсқалар (динамикалық, ырғақтық, тембрлік, артикуляциялық).

Аккордтар (үштен, содан соң төрт дыбыстан).

Әртүрлі қағыстарды пайдалану. Белсенділікпен, саусақтар ұшының алғырлылығымен үйлестікте пернетақтадағы тіректі сезіну. Аккордты алғаннан кейін қолды босату әдетін қалыптастыру. Шынтақ, иық, жауырын бұлшық еттерінің қатысуы.

Арпеджио. Түрлері (қысқа, ұзын, сынық).

Шынтақтың көмегімен бүйір қозғалыстарын тәрбиелеу, «қолды, алақанды ашу» тәсілін қалыптастыру, екпіндік және салмақты тіректерді әртүрлі саусақтарға көшіру.

9) Этюдтермен жұмыс.

Білім алушыларға арналған этюдтердың жеке таңдалымы. Техникалық қиыншылықтарды жеңу жолдары. Қозғалыстарды үнемдеуге, қолдардың координациясына және синхрондығына, пианистикалық наздылыққа бағытталған жұмыс.

10) Педализация – дәл фиксацияға келмейтін, шығармашылық үдеріс.

Оң жақ және сол жақ басқыштың рөлі. Естіп бақылаудың маңызы. Дайындық жұмыстары. Педализацияның негізгі тәсілдері. Басқыш және орындау стилі.

11) Полифониялық шығармаларды зерделеу.

Полифония түрлері – дауысасты, кері, еліктемелік.

Еліктемелік полифониямен жұмыс жасау.

Тақырыптың интонациялық сипаттамасы; қосындыға қарсы және оның нысан дамуындағы рөлі. Әрбір дауыстың даму үздіксіздігімен жұмыс жасау. Дауыстардың ұйқасы кезіндегі орындаушылық міндеттер: әрбір дауыстың тембрлік бояуын сақтау, кіріспе мен аяқтамалардың, шарықтау шегі мен бәсеңсудің үйлеспеушілігі.

12) Бахтың клавирлік шығармаларының орындаушылық дәстүрлері.

Бах музыкасын насихаттаудағы К.Черни, қиялшыл-сазгерлердің, Ф.Бузони рөлі. Ескі полифонияны орындау кезіндегі мәнерлі құралдар. Артикуляция теориясы. Браудо жіктеуіші. Қарқынды (темпо) белгілеу мәселелері. Серпінділік (Динамика). Әуендік әшекей (Орнаментика). Мелизмдерді орындау кезіндегі негізгі ережелер және ерекшеліктер.

Вильгельм Фридеман Бахтың нота дәптері.

Анна Магдалена Бахтың нота дәптері. Urtext және нұсқалары. Шағын кіріспелер (прелюдиялар), инвенциялар, Бахтың «Жақсы темпериленетін клавирі».

13) Кезеңдік (циклдық) сонаталық нысан (форма), түрлендірме кезеңдер – орындаушылық міндеттер. Балалар музыка мектебінің репертуарындағы веналық классиктерінің шығармалары. Классикалық шығармалардың әртүрлі басылымдары мен нұсқаларын оқу. Сонаталық allegro нысанымен жұмыс жасаудың ерекшеліктері. Метроритм, артикуляция мәселелері.

14) Балалар репертуарындағы арманшыл-сазгерлердің музыкасы. Арманшыл сазгерлердің музыкасындағы бағдарламалылық. Арманшылардың шығармашылығында аспаптардың жаңа мүмкіндіктерін ашу.

15) Қазіргі заман сазгерлерінің шығармашылығында XX-XI ғасырлардағы музыкалық ойлаудың заңдылықтарын игеруге жұмылдыру. Балалар музыка мектебінің репертуарындағы қазіргі заман музыкасы, оның ладтық-үндестік және ырғақтық өзгешелігі.

16) Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, қазақстандық белгілі композиторлық мектеп өкілдерінің шығармаларын зерделеу.

58. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы 15-25 музыкалық шығармаларды (жеке музыкалық негіз және қабілеттерін есепке ала отырып) меңгереді: халық әндері, әндік және би сипатындағы пьесалар, полифония элементтерімен пьесалар, этюдтер және ансамбльдер, сонымен қатар ірі нысандағы қиын емес шығармалар.

59. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) музыкалық сауаттың негіздерін: регистрлерді, октавалардың атауларын; скрипка және бас кілттерді; кіші, үлкен, бірінші, екінші октава ноталарының жазбасын; ұзақтық пен үзілістердің бөлінуін; тактты, қарапайым өлшемдерді; қағыстарды; ладты;

2) музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдарын: жылдам, бірқалыпты, баяу қарқындар; серпінді реңктер; лад;

3) оқытылған жанрлардың атауын (күй, ән, би, марш);

4) музыкалық аспаптардың атауларын (фортепиано, домбыра, қобыз, сыбызғы, жетіген, дауылпаз, балалайка, гусли, свирель);

5) отыру және қол қою ережелерін, дыбыс шығару негіздерін;

6) музыкалық шығармалардың көңілін және сипатын анықтайды;

7) екпіні бойынша таныс өлеңдер мен аспаптық пьесаларды анықтайды;

8) non legato, legato, staccato дыбыс шығару амалдарына үйренген кезде пианистикалық аппарат координациясы дағдыларын игерген;

9) қолдардың әртүрлі дыбыстардан және октавалар бойынша орын ауыстыру шегінде саусақтардың түрлі ілесуі (non legato, legato) түріндегі, legato орындауды жетілдіруге, саусақтар ұштарын «түзетуге», бірінші саусақты салып қоюға, гаммаларға дайындық жаттығуларды орындай алады;

10) симметриялық аппликатура кезіндегі бір дыбыстан тура қозғалыста және кері қозғалыста екі октава диапазонында мажорлық гаммаларды (таңдау бойынша бәр-екі); осы үндестілікте әр қолдың бөлек қатысуынсыз үш дыбыстан аккордтармен тоникалық үшдыбысты ойнай алады.

60. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы түрлі нысандағы 15-20 музыкалық шығармаларды; 2-3 полифониялық шығармаларды, 2 ірі нысандағы шығарманы; 4-5 пьесаны; 2-3 ансамбльді; 5-7 этюдті оқып-үйренеді.

61. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын;

2) халық әндері мен күйлерін;

3) нысан бойынша қарапайым түсініктерді;

4) театрда, концертте әдеп ережелерін;

5) ноталық мәтінді талдай алады;

6) қағаз бетінен қарапайым ноталық үлгілерді оқи алады;

7) ән әуендерін естіп таңдап сала алады;

8) жаттығулардың әртүрлі түрлерінде саусақтардың техникасымен, интервалдарды ойнау жолымен білезіктің бос қимылдау дағдыларын дамытуға жұмыс жасай алады;

9) мажорлық гаммаларды орындай алады: «До», «Соль», «Ре», «Ля», «Ми» екі қолмен екі октавада тура және кері қозғалыста; «Фа мажор» - екі қолмен тура қозғалыспен;

10) минорлық гаммалар орындай алады: «ля», «ми», «ре» (табиғи, үйлесімді және әуендік түрде) екі октавада әр қолмен бөлек;

11) тоникалық үшдыбыстықтар аккордтармен айналыстар үш дыбыстан өткен үндестіліктерде әр қолмен бөлек;

12) өз орындауында шығарманың сипатын жеткізе алады.

62. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы 15-20 әртүрлі музыкалық шығарманы, оның ішінде танысуға бірнеше шығарманы: 2-3 полифониялық шығарманы, 1-2 ірі нысанды шығарманы, 5-6 пьесаны; 5-6 этюдті; 2-3 ансамбльді оқып-үйренеді.

63. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) халық және кәсіби музыкасының жанрлық түрлерін біледі;
2) қазақ күйшілерінің және қазақстандық сазгерлерінің аттарын біледі;

3) оқытылатын шығармалардың атауларын біледі;

4) туған өлкенің музыкалық дәстүрлерін біледі;

5) тыңдалған шығармалардың жанры мен сипатын анықтай алады;

6) музыкалық мәнерліліктің құралдарын анықтай алады;

7) баста үндестіктің тірек дыбыстары түріндегі күрделі емес сүйемелдеумен әндік сипаттағы әуендерді парак бетінен оқи алады;

8) әртүрлі позициялық пішіндер, қысқа ән құбылған дыбыстар және мелизмдер, үзілістермен (интервал) дайындықтар (октава арқылы орын ауыстыру немесе секвенциялық) түрінде жаттығуларды ойнай алады;

9) мажорлық гаммаларды ойнай алады: «До», «Соль», «Ре», «Ля», «Ми», «Фа», «Си-бемоль» тура қозғалыста; кері қозғалыста – симметриялық аппликатурасы бар гаммалар; минорлық гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік): «ля», «ми», «ре», «соль» - тура қозғалыста екі қолмен екі октавада; хроматикалық гаммалар әр қолмен барлық пернелерден бөлек; тоникалық үшдыбыстықтар аккордтармен айналыстар үш дыбыстан өткен үндестіліктерде екі қолмен; қысқа арпеджио төрт дыбыстан әр қолмен бөлек.

10) парақтан ноталарды оқу және басқа үндестіліктерге транспонирлеу, әйгілі әндер мен билерді есту арқылы таңдау дағдыларын меңгерген.

64. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы 14-20 әртүрлі музыкалық шығарманы, соның ішінде танысуға бірнеше шығарманы: 1-2 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 5-7 пьесаны; 2-3 ансамбльді; 4-5 этюдті оқып-үйренеді.

65. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) орындалатын музыкалық шығарманың музыкалық бейнесін, стилін, нысанын мәнерлі түрде жеткізу ұғымдарын біледі;

2) музыкалық терминологияны біледі;

3) оқытылатын шығармалар авторларының шығармашылығын біледі;

4) шығармаларды орындау кезінде естіп бақылауды жүргізеді;

5) музыкалық әдебиеттің әртүрлі жанрлардағы біртіндеп күрделене түсетін шығармаларды парақтан оқи алады (қиындығы білім алушы оқитын деңгейден шамамен екі сыныпқа төмен);

6) опералық, симфониялық және балет музыкасынан жеңіл ыңғайланған үзінділерді ойнайды;

7) үйлесімдік және фактуралық безендірілуі бар таныс шығармаларды естіп таңдай алады; ән әуендерін тасымалдай алады (транспонирование);

8) октаваларға біртіндеп өтуі бар жаттығулардың материалында білезік техникасын дамыту мақсатында саусақ жүрдектігін дамытумен жұмыс жасай алады;

9) қоса алғанда төрт таңбаға дейінгі мажорлық гаммаларды тура қозғалыста төрт октавада (симметриялық аппликатурасы бар гаммаларды - кері қозғалыста); минорлық гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік): «ля», «ми», «си», «ре», «соль», «до», «фа» - екі қолмен тура қозғалыста төрт октавада; хроматикалық гаммалар екі қолмен 2-3 пернеден тура қозғалыста; тоникалық үшдыбыстықтар аккордтармен бірге үш немесе төрт дыбыстан (қолдың өлшеміне байланысты) осы үндестіліктерде; қысқа арпеджио екі қолмен; ұзын арпеджио әр қолмен бөлек қимылдамай ақ пернелерден үш-төрт гаммаларда ойнай алады.

66. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушысы 14-18 әртүрлі музыкалық шығармаларды, соның ішінде танысу үшін бірнеше шығарманы: 2-3 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 5-6 пьесаны (соның ішінде 1 ансамбльді); 5-6 этюдті; 1 сүйемелдеуді оқып-үйренеді.

67. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) шығарманың жанрын, нысанын біледі;

2) ірі музыкалық нысанның құрылымын (күрделі үшжиілікті нысан, сюита, соната, симфония) біледі;

3) оқытылатын шығармалардың ладтық, әуендік, үйлесімдік, ырғақтық, шапшаңдық ерекшеліктерін, аппликатуралық қағидаларын біледі;

4) музыкалық терминологияны біледі;

5) оқытылатын шығармалар авторларының шығармашылығын біледі;

6) музыкалық бейнелерді сипаттай алады (басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ассоциациялар);

7) орындалатын шығармалардың орындаушылық жоспарын ұсына алады: динамикалық жоспар, әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка), агогика, артикуляция, педализация;

8) парак бетінен оқи алады;

9) шығармалармен өз бетінше жұмыс дағдыларын жинақтай алады: бір-екі пьеса дайындайды (қиындығы бойынша екі сыныпқа төмен);

10) күрделі емес сүйемелдеуді (аккомпанемент), әріптік белгілеу бойынша сүйемелдеуі бар әуендерді ойнай алады; әуендерді тасымалдай алады (транспонирлеу);

11) танымал музыканы ойнайды (ыңғайланған түрдегі);

12) музыкалық тәрбие көрсету, музыка туралы сөйлесулерде қарапайым түсініктер мен музыкалық терминдерді қолданады;

13) барлық мажорлы гаммаларды тура және кері қозғалыста төрт октавада ойнай алады;

14) терцияға және децимаға тура қозғалыста екі-үш мажорлық гамманы ойнай алады;

15) қоса алғанда төрт таңбаға дейін (табиғи, үйлесімді және әуендік) тура қозғалыста екі қолмен төрт октавада минорлық гаммаларды ойнай алады;

16) екі қолмен барлық пернеден тура қозғалыста хроматикалық гаммаларды ойнай алады;

17) үш немесе төрт дыбыспен айналыстармен тоникалық үшдыбыстықтарды ойнай алады (қолдың өлшеміне байланысты);

18) екі қолмен қысқа арпеджионы; ақ пернелерден әр қолмен бөлек - ұзын арпеджионы ойнай алады;

19) доминантсептаккордты ойнай алады – құрастыру және шешу, қысқа арпеджио әр қолмен бөлек;

20) кішірейтілген септаккордты ойнай алады – құрастыру және шешу, қысқа арпеджио әр қолмен бөлек;

21) сахналық мәдениет дағдыларына ие.

68. 6 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы 11-17 әртүрлі музыкалық шығарманы, соның ішінде танысу тәртібімен бірнеше шығарманы: 1-2 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 4-5 этюдті; 4-6 пьесаны (соның ішінде 1 ансамбльді); 1-2 сүйемелдеуді оқып біледі.

69. 6 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) орындалатын шығармалардың жанрлық, нақыштық ерекшеліктерін біледі;

2) оқытылатын репертуармен жұмыс жасау әдістерін біледі;

3) оқытылатын шығармалардың әйгілі орындаушылар жасаған интерпретацияларды біледі;

4) оқытылатын шығармалардың, ірі нысанды шығармалардың, пьесалардың нұсқаларын біледі;

5) ұлттық және әлемдік мәдениеттің алдыңғы қатарлы өкілдерін біледі;

6) серпін, әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка), артикуляция, агогика, педализация мәнмәтінінде шығарманың орындаушылық жоспарын анықтайды;

7) басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ұқсастықтар (аналогия) және ассоциациялар келтіреді;

8) күрделі емес сүйемелдеуді (аккомпанемент) ойнай алады;

9) барлық мажорлық және минорлық гаммаларды; тура және кері қозғалыста төрт октавада - мажорлық; терцияға және децимаға бірнеше гаммаларды ойнай алады;

10) тура қозғалыста төрт октавада минорлы гаммаларды (табиғи, үйлесімді және әуендік) ойнай алады;

11) барлық дыбыстардан тура және кері қозғалыста хроматикалық гаммалар ойнай алады;

12) үш немесе төрт дыбыстан аккордтармен айналыстармен тоникалық үшдыбыстықтарды ойнай алады;

13) екі қолмен қысқа, ұзын арпеджиоларды, әр қолмен бөлек сынық арпеджионы; әр қолмен бөлек доминантсепт аккордтың дыбыстары бойынша ұзын арпеджионы, екі қолмен екі-үш үндестіліктерде ойнай алады;

14) доминантсептаккордты ойнай алады – құрастыру және шешу, әр қолмен ақ пернелерден бөлек ұзын арпеджионы ойнай алады;

15) кішірейтілген септаккордты ойнай алады – құрастыру және шешу, әр қолмен бөлек барлық өткен үндестіктерде кішірейтілген септаккордтың дыбыстары бойынша қысқа арпеджионы ойнай алады.

70. 7 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы 10-15 шығарманы, оның ішінде бірнешесі танысу үшін:

1-2 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 4-5 пьесаны (соның ішінде бір ансамбльді); 3-5 этюдті; 1 сүйемелдеуді оқып-үйренеді.

71. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) классикалық, қазақ музыканы және Қазақстан сазгерлерінің шығармаларын, музыкалық әдебиет курсының бағдарламасы бойынша қазіргі заман музыкасын біледі;

2) орындалатын шығармалардың нақыштық ерекшеліктерін біледі;

3) оқытылатын репертуармен жұмыс жасау әдістерін біледі;

4) оқытылатын шығармалар авторларының шығармашылығын біледі;

5) аспапта музыкалық шығармаларды ойнағанда алған теориялық білімдерін пайдаланады;

6) дәуірлерге, бағыттарға және музыкалық нақыштарға сипаттама береді;

7) музыкалық-эстетикалық және рухани-адамгершілік санаттарын сәйкестендіреді;

8) музыкалық-қоғамдық өмірдің құбылыстарына бағалау пікірлерін білдіреді;

9) әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка); серпін, агогика, артикуляция, педализация мәнмәтінде оқытылатын шығармалардың орындаушылық жоспарын анықтайды;

10) көпшілік алдында музыкалық-шығармашылық орындаулардың тәжірибесі бар;

11) барлық мажорлық гаммаларды тура және кері қозғалыста төрт октавада ойнай алады; терцияға және децимаға бірнеше гамманы, секстаны орындайды;

12) минорлық гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік) тура қозғалыста төрт октавада; бір-екі гамманы (үйлесімді және әуендік) симметриялық аппликатурасымен кері қозғалыста ойнай алады;

13) хроматикалық гаммаларды барлық пернеден тура және кері қозғалыста ойнай алады;

14) төрт дыбыс бойынша айналыстармен тоникалық үшдыбыстықтарды; екі қолмен барлық үндестіліктерде қысқа, ұзын, сынық арпеджиоларды ойнай алады;

15) қысқа және ұзын арпеджиомен ақ пернелерден екі қолмен – доминантсептаккордты ойнай алады;

16) ұзын арпеджиомен ақ пернелерден екі қолмен - кішірейтілген септаккордты ойнай алады;

13) «до», «фа», «соль» пернелерінен ұзын арпеджиоларды ойнай алады.

72. 8-9 сыныптардағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушылар әртүрлі нысандағы кемінде 10 музыкалық шығармаларды, танысу үшін бірнеше пьесаларды оқып-үйренеді, техникалық дайындықтарын жетілдіру, оқу-педагогикалық

репертуарды саналы және дәлелді түрде талдау, парактан оқу, шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастырады.

73. 8-9 сыныптардың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер.

8-9 сыныптарда оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) негізгі фортепиано репертуарын біледі;
- 2) дәуірлерді, бағыттарды және музыкалық нақыштарды біледі;
- 3) орындалатын шығармалардың нақыштық ерекшеліктерін біледі;
- 4) оқытылатын шығармаларға танымалы орындаушылар берген талдауларын біледі;
- 5) оқытылатын полифониялық шығармалардың, ірі нысанды шығармалардың, пьесалардың нұсқаларын біледі;
- 6) орындау техникасымен және оқытылатын репертуармен жұмыс жасау тәсілдерін біледі;
- 7) музыкалық бейнені жасауда музыкалық мәнерлілік құралдарының маңызын біледі;
- 8) музыкалық-қоғамдық өмірдің құбылыстарына бағалау пікірлерін білдіреді;
- 9) әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка); шығарманың серпін жоспары, агогика, артикуляция, педализация және тағы басқа мәнмәтінде оқытылатын шығармалардың орындаушылық жоспарын анықтайды;
- 10) басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ұқсастықтар (аналогия) және ассоциациялар келтіреді;
- 11) сахналық тәртіп дағдыларын меңгереді;
- 12) барлық мажорлық және минорлық гаммаларды ойнайды; тура және кері қозғалыста төрт октавада; терцияға және децимаға, секстада ойнай алады;
- 13) хроматикалық гаммаларды барлық дыбыстардан тура және кері қозғалыста; терцияға және децимаға, секстаға ойнай алады;
- 14) мажорлық және минорлық үшдыбыстықтарды айналыстармен бірге (қысқа, ұзын, сынық арпеджио) ойнайды;
- 15) доминантсептаккордтарды (қысқа және сынық арпеджио) ойнайды;
- 16) айналыстармен бірге доминантсептаккордтарды (ұзын арпеджио) ойнай алады;
- 17) кішірейтілген септаккордтарды (қысқа және сынық арпеджио) ойнай алады;
- 18) айналыстармен бірге кішірейтілген септаккордтарды (ұзын арпеджио) ойнай алады;
- 19) бір дыбыстан он бір арпеджио түрлерін ойнай алады;

20) қос терциялармен мажорлық, минорлық (үйлесімділік және әуендік), хроматикалық гаммаларды ойнай алады.

74. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Музыкалық білім беруде оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және байқаулардан алған бағалардан тұрады.

75. Білім алушылардың бағдарламаны игеруі бақылау жұмысы, техникалық сынақ, академиялық концерт, емтихан түрінде, қорытынды аттестаттау – бітіру емтиханы түрінде іске асырылады.

Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) 1 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (екі қиын емес әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі ансамбль түрінде); екінші тоқсанда: сынақ (меңгерілген штрих түрлерін есепке ала отырып, екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның біреуі ансамбль түрінде);

2) 2 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі педагогпен ансамбльде); екінші тоқсанда: сынақ (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі педагогпен ансамбльде; парактан қиын емес әуенді оқу);

3) 3 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі ансамбль немесе этюд; қиын емес сүйемелдеумен әуенді парактан оқу); екінші тоқсанда: сынақ (пьеса немесе этюд);

4) 4 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі ансамбль немесе этюд); екінші тоқсанда: сынақ (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі ансамбль немесе этюд);

5) 5 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі полифониялық шығарма); екінші тоқсанда: бітіру емтиханы (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі ансамбль немесе этюд; қиын емес сүйемелдеумен әуенді парактан оқу);

6) 6 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі ансамбль; қиын емес сүйемелдеумен әуенді парактан оқу); екінші тоқсанда: емтихан (бір полифониялық шығарма, бір этюд немесе екі әртүрлі сипаттағы шығармалар, оның бірі полифония элементтерімен);

7) 7 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (бір полифониялық шығарма және этюд; қиын емес сүйемелдеумен әуенді парактан оқу); екінші тоқсанда: емтихан (нота бойынша ірі нысандағы шығарма, бір пьеса);

8) 8 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (полифониялық шығарма, қиын емес пьесаны немес этюдті парақтан оқу); екінші тоқсанда: емтихан (нота бойынша ірі нысандағы шығарма, бір пьеса);

9) 9 сынып – бірінші тоқсанда: бақылау жұмысы (полифониялық шығарма, қиын емес пьесаны немес этюдті парақтан оқу); екінші тоқсанда: емтихан (екі әртүрлі сипаттағы шығарма);

76. Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді:

- 1) білім алушының аспапты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі;
- 2) көркем бейнені толық және сенімді ашуы;
- 3) орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі.

77. Бағалау өлшемшарттары:

1) «5» бағасы («өте жақсы»): музыкалық шығарма мазмұнының бейнелік мәнерлілік түсіндірмесі; нысан сезімін иланымды түрде ұғу; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; ырғақтық пульсацияның айқындығы; динамикалық көптүрлілік; өз орындауын естіп бақылау; орындау техникасын еркін меңгеру; әртістік және ойнауға берілгендік.

2) «4» бағасы («жақсы»): шығарманың нысанын, музыкалық тілді, музыкалық мәнерліліктің құралдарын сауатты түсіну; ноталық мәтінді орындаудың тұрақтылығы; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; динамикалық көптүрлілік; жеткіліксіз түрде естіп бақылау; сахнада психологиялық жағынан өзін-өзі ұстаудың тұрақсыздығы.

3) «3» бағасы («қанағаттанарлық»): авторлық ноталық мәтінді музыканы бейнелік пайымдаусыз үстіртін оқу; өз орындауын нашар естіп бақылау; шапшаңдық-ырғақтық жинақы еместік; дыбысталудың динамикалық біртектілігі және бірсарындылығы; сахнада тұрақсыз психологиялық жай-күй.

4) «2» бағасы («қанағаттанарлық емес»): ноталық мәтінді ойнаудағы қателіктер; естіп бақылаудың жоқтығы; метрлік-ырғақтық тұрақсыздық; дыбыс шығару және дыбыс танудың төменгі сапасы; мәнерлілік түсіндірменің жоқтығы; орындау кезіндегі жиі тоқтаулар;

5) сынақ (бағасыз) – орындау оқытудың осы кезеңіндегі қажетті деңгейге сәйкес келеді.

**Образовательная программа
по предмету «Специальное фортепиано» детских музыкальных
школ и музыкальных отделений детских школ искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Специальное фортепиано» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Специальное фортепиано».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) агогика в музыкальном исполнительском искусстве — небольшие отклонения (замедления, ускорения) от темпа и метра, подчинённые целям художественной выразительности;

2) аппликатура — способ расположения и порядок чередования пальцев при игре на музыкальном инструменте, а также обозначение этого способа в нотах;

3) арпеджио — способ исполнения аккордов на фортепиано, некоторых клавишных (ксилофон, виброфон) и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

4) артикуляция — способ исполнения последовательного ряда звуков при игре на музыкальном инструменте или при пении вокальных партий;

5) фразировка — фразировка — ясное, выразительное исполнение музыкальной фразы и всех элементов, определяющих смысл музыкальной речи, с помощью гибких изменений темпа, динамики, расстановки акцентов;

6) доминантсептаккорд — аккорд, состоящий из четырёх звуков, которые расположены или могут быть расположены по терциям;

7) октава — музыкальный интервал, в котором соотношение частот между звуками составляет 1:2, то есть частота высокого звука в 2 раза больше низкого;

8) педализация — один из важнейших элементов пианистического искусства, служит для связывания звуков, выдерживания гармонии, усиления или ослабления звучания;

9) терция — музыкальный интервал шириной в три ступени;

